

**Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 97 "2022-2024 жылдарға арналған Нұра ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Бұғыз аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 маусымдағы № 150 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Бұғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 97 "2022-2024 жылдарға арналған Нұра ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

4 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. 2022 жылға арналған Нұра ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге - 1 086 мың теңге.

Аталған трансферттерінің сомасын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұғыз аудандық  
мәслихатының хатшысы:

М. Турымов